

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

7. «Сөздік», «Түсініктеме» әдістері арқылы жаңа сөздерді, бейтаныс ұғымдарды, фразеологиялық тіркестерді, күрделі тіркестерді, ұлттың танымына байланысты сөздерді түсіндіретін, қазақша баламасын беретін сөздік түзу балалардың есте сақтау қабілетін және жазылым дағдысын арттырады.

Сабақта білім алушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытылып жатқан тілдің мәдениеті туралы хабарлайтын түрлі қосымша материалдарды (бейне, аудио, кітаптар, презентациялар) пайдалану керек [7].

Зерттеу мақалада корей тілін қазақ тілі арқылы үйрету, тіл үйренушінің лингвомәдени құзыреттілігін арттыра үйретудің маңыздылығы айтылды. Барлық халықтың әлем туралы өз түсінігі, өз танымы, өз болмысы, мәдени коды, ділі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы болатыны заңды нәрсе екенін ескерсек, оларды тілден ажырату мүмкін емес екенін де түсінуге болады. Ұлттың танымының айнасы – тіл. Сол себептен тілді үйретуде сол тілдің мәдениетін қоса үйрету маңызды аспект болып саналады. Және материалдар мен әдіс-тәсілдер, ресурстар тіл үйретуде тілдің мәдениетімен, шындық өмірмен ұштасып жатуы қажет.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Халықтарымыз тағдырлас – Тоқаев Оңтүстік Корея туралы, БАҚ өкілдеріне берген брифингінен мақала, akorda.kz
2. Қазақстанның кәрістері: кешегісі мен бүгінгісі, Ең Хун Сон, abai.kz сайтынан <https://abai.kz/post/5425>
3. Салғастырмалы тіл білімі. Ж. Есеналиева, Алматы, 2020
4. Ethnologue: Language of Kazakhstan, Lewis M. Paul, Gary F. Simons, Charles D. Fennig, 2015
5. Қазақстан тілдері: әлеуметтік анықтамалық, Қазақстан Халқы Ассамблеясы, Алматы, 2020
6. German Kim, Diaspora and Language: the Case of Koreans in Kazakhstan, Almaty, 2009
7. Глушакова И.В. Формирование лингвокультурной компетенции при обучении иностранному языку // В сборнике: Стратегия и тактика подготовки современного педагога в условиях диалогового пространства образования. сборник научных статей. Санкт-Петербург, 2019.

ӘОЖ 81-26

## А.ЙҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ БІР БУЫНДЫ ТҮБІРЛЕР

Избасарова Аругүл

Жиенбекова Аружан

[aruizbasarovva@gmail.com](mailto:aruizbasarovva@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2-курс білім алушылары, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Г.О.Сыздықова

«Ақиқат сыйы» («Хақиқаттар хадисі» немесе «Ақиқат сыйы», арабша атауы – Гибат-ул-Хақайк) – А.Йүгінекидің бізге жеткен бір ғана шығармасы. Дастанда адамгершілік, әділеттілік, білімділік, ақыл-парасаттылық сияқты өнегелі ұғымдар дәріптеліп, адамдыққа жат іс-әрекет, мінез-құлықтар сыналады. Шығарма әр қырынан зерттелген: мәтін сөзбе-сөз аударылған (Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы), қазіргі қазақ тілімен ұқсас тұстарының көп екені салыстырыла зерттелген (Х.Сүйіншәлиев), лингвистикалық талдаулар жасалып, академиялық нұсқасы берілген (К.Махмудов). Біз дастандағы бір буынды түбір сөздерді фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық және семантикалық, этимологиялық тұрғыда саралаймыз.

**Фонетикалық ерекшеліктері.** «Ақиқат сыйының» лексикасын фонетикалық жағынан қазіргі қазақ тіліндегі балама сөздермен салыстырғанымызда олардың едәуір бөлігінің ұқсас екенін байқадық. Мысалы, *ат, ата, ана, ара, аз, ал, күн, түн, мең, оз, бер, сөз, көп, кең, тар, оқ, ол, от, он, де, мал, қол* т.б. Сондай-ақ аталған шығармадағы бір буынды түбір сөздердің қазақ тілімен **ш-с, й-ж, ч-ш** дыбыстық сәйкестіктері де кездеседі: **Ш-С.** Мысалы, *ши-іс, таш-тас, қаш-қас, құш-құс* т.б.; **Й-Ж.** Мысалы, *йаз-жаз, йүр-жүр, йүз-жүз, йоқ-жок, йол-жол* т.б.; **Ч-Ш.** Мысалы, *уч-үш, Өч-Ош* т.б.

Қыпшақ ескерткіштерінде *ч* дыбысы сақталған. Соған қарағанда бұл сәйкестік қазақ тілінде кейінірек пайда болған. Дастандағы сөздерді қазіргі қазақ тілімен салыстыру арқылы **С-Ш** (*сач-саши*), **Ғ-У** (*йағ-жау*) сәйкестіктерінің де кездесетіндігін анықтауға болады.

**Сөзжасамдық және морфологиялық ерекшеліктері.** «Ақиқат сыйы» дастанындағы бір буынды түбір сөздердің сөзжасамдық ерекшелігі негізгі түбір мен туынды түбірлерді салыстыра талдағанда айқындалады.

Түбірлес сөздер, негізінен, бір немесе екі буынды болып келеді. Үш буынды түбірлес сөздер бұл дастанда некен-саяқ. Соның ішінде біз бір буынды түбірлерге тоқталамыз.

Сөз құрылымындағы дыбыстық ерекшеліктер белгілі бір дәрежеде оның морфологиялық құрылымына да әсер етеді. Ал туынды сөздердің жайы басқаша. Зерттеу нысанына алған шығармада *біл* түбір етістігінен *біліг*, қазақ тілінде *білім*; *көр* түбірінен *көрүмлүг-көрікті* сөздері өрбіген.

Орта ғасырларда туынды саналған сөздер қазіргі тілде негізгі түбір болып есептеледі. Мысалы, *айт* етістігінің ескерткіштер тіліндегі бастапқы *ай* түбірі қазіргі кезде ұмытылып, туынды түбір негізгі түбір ретінде орныққан.

Сөздерді қосарлау және біріктіру арқылы жаңа сөз жасау тәсілінің түркі тілдерінде көнеден келе жатқандығы ескерткіштердің лексикасынан да аңғарылады. Алайда дастанда мұндай тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің көпшілігі қазіргі тіл тұрғысынан көнерген сөздер ретінде қаралады. Мысалы, *түш-тең – теңдес, қатар-құрбы, ағыз-тил – тил мен жақ* т.б.

Дастанның морфологиялық сипатындағы назар аударатын ерекшеліктердің бірі – *му* (қазіргі *ма* сұраулық шылауы. Авт.) сұраулық шылауының әдеттегідей сөйлемнің соңында емес, сұрау екпіні түсіп тұрған сөзге тікелей тіркесуі. Мысалы, *Санар му едиз құм ушақ таш саны* (Ірі құм мен ұсақ тас санауға келе ме?) [1]. Мұнда сұрау екпіні түсіп тұрған сөз – *санар*.

«Ақиқат сыйында» өлең ұйқасына күшейту мәнін үстеу үшін *а* демеулік шылауын пайдаланған. Мысалы: *Сениң рахматидин умармен өң -а* (Алдымен сениң мейірім-рақымыңнан үміт етемін)[1]. Бұл шылау ескі ұйғыр ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Шығармада жіктік жалғаулары *мен, сен, ол*, яғни толық тұлғасында жалғанады. Мысалы, *айур мен – айтамын, қылу сен – қыласың, армаз ол – арымайды*, т.б. Бұл, бір жағынан, дастанда өте көне тілдік элементтердің сақталғанын дәлелдейді.

Үшінші жақ *ол* жіктеу есімдігіне тәуелдік, көптік, септік жалғаулары жалғанғанда *ан* формасына айналып кетеді. Мысалы, *анлар, аңа, ануң, аны*, т.б. Бұдан *ол* есімдігінің ата тілдегі түп нұсқасы *ан* болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Осы тұрғыда ғалым М.Томановтың пікірін негізге алсақ: «В.Котвич тұңғыс-маньчжур тілдерінде III жақ жіктеу есімдігі *i, in* түрінде, қырғыз тілінде *ал* түрінде айтылатындығына сүйене отырып *in (i)* II жақ жекеше түрі, оның көпшесі *a (n)* түрінде айтылған деп жорамалдайды, *-ан* морфемасы біздің тілімізде *анау, анда, ана жақта* сөздері құрамында кездеседі. Сонда, оның айтуынша, *ал* қырғыз тілінде *a (n)* мен *o (л)* сөздерінің қосындысынан барып пайда болған. Соңғы *-л-ді* В.Котвич нақтылаушы (утвердительная частица) қосымша деп қарайды» [2].

Тәуелдік жалғауының, дыбыстық жағынан болмаса, қазіргі нұсқаларынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Мысалы, *баи* бір буынды түбірі *башым, башың, башы* түрінде тәуелденеді.

Жалпы алғанда, дастанда көне және жаңа формалардың жарыса қолданылуын мына себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Ахмед Йүгнеки өзінен бұрынғы әдеби дәстүрге назар аударып, дастанда сол кездегі сөйлеу тілінде жоқ архаизмдерді пайдаланған.

Екіншіден, өлеңнің ұйқасым, өлшем талабына сәйкес әртүрлі тайпалық диалектілердегі грамматикалық формаларды пайдаланған. Ал жаңа сөздер мен формалардың көбін көшірмешілер әрқалай себептермен қосуы мүмкін.

**Семантикалық ерекшеліктері.** Дастанда қазіргі тіліміздегі балама боларлық сөздердің мағыналық айырмашылығы да кездеседі. Атап айтқанда, көп мағына беретін бір буынды сөздердің қазір бірқатар мағыналарының ұмытылуы. Немесе кейін пайда болған мағынаның ескерткіште кездеспеуі. Кей сөздің мағынасының тарылуы немесе кеңеюі. Сондай-ақ контексте ғана айқындалатын мағыналық реңктер де бар. Мысалы, тілімізде белгілі бір киім атауы ретінде ғана қолданылатын *тон* сөзі ескерткіште жалпы киім атаулыны білдіреді. *Көк* сөзін “тамыр” (өсімдіктің) және “ата-тек” деген екі мағынада қолданған. Мысалы: 1) Адауат *көкини* қазып кес көчүр (Дұшпандықтың тамырын /терен/ қаздағы алып таста!); 2) *Көки* көрклүг ерниң хойы көрклүг ол (Тегі асыл адамның мінезі де сүйкімді) [1]. Бұл сөздің екі мағынасы да қазір ұмытылған. Сондықтан өсімдіктің енді шығып келе жатқан көгі дегендегі “көк” және түр-түсті білдіретін “көк” мағыналары туынды мағына болуы тиіс.

*Тар ерса кең ерса битилди рузуң (Көп болсын, аз болсын ризығың жазылған)* [1] деген сөйлемдегі *тар* және *кең* сөздері “аз” және “көп” деген мағынада қолданылған.

Ескерткіште “қол” мағынасындағы *ел*, *елиг* сөздері дерексіз, жалпылама, “*ер*, *еркек*” мағынасындағы *ер*, *еран* сөздері нақтылау мағыналарында жарыса қолданылған.

**Этимологиялық ерекшеліктері.** «Ақиқат сыйы» шығармасындағы түрікше сөздердің этимологиясын ғалым Б.Сағындықұлы зерттеген.

Біз бұл мақалада дастандағы бір буынды түбірлердің этимологиясын қарастырдық. Жазылуында өзгешеліктер болғанымен, мағынасы сол қалпында қалған бір буынды сөздер әртүрлі сөз табынан кездеседі. Мәселен, *баш*, *йел*, *йер*, *т.б.* Олардың кейбірі қазіргі мағынасын толық жойған. Дастандағы бір буынды сөздердің қатарынан фонетикалық ауысуларды да байқауымызға болады. Дегенмен олар сөздің қазіргі мағынасына әсер етпеген. Мәселен: *Мадх* /а/ хвала, восхваление – мадақтау. Аның мадхы бирла татыр бу тилим (Оны мадақтағанда тілімнің дәмі кіреді) [1]. *Халқ* /а/ люди, народ, сотворенный – халық, жаралған. Аны не халайық севар не халық (Ондай адамды халық, та, құдай да сүймейді) [1]. Екі сөздің дыбыстық құрамындағы фонетикалық өзгерістер (қ-х ауысуы, а~ы әріптерінің түсіп қалуы) айқын көрінеді.

Осы сөздердің қатарын жалғастыра отырып, дастандағы бір буынды зат есімдер мен етістіктердің мағынасын этимологиялық тұрғыда ашып көрсеткіміз келеді.

**Бір буынды зат есімдер:** - *пул*: Шығармада кездескен *пул* түбірі Ә. Қайдардың еңбегінде де кездеседі: *каз. –пұлдану – воспользоваться просчетами кого-н. и и бұлдану – набивать себе цену (от перс, пул – деньги)* [3]. Қазіргі теңге, ақша атауында. Мағынасында өзгеріс болмаса да, уақыт талабына сәйкес атауы өзгерді.

-**У~Ұ**: *Пул* /п/ деньги, монеты; монета – пұл, ақша, теңге. Еки пул динарни ол он пул кылур (Екі теңге динарды /ол/ он теңге қылады) [1].

-**Б~П**: *Баб* /а/ глава (книги) - баб, тарау. Түгатти бу он дөрт баб ичра сөзи (Бұл он төрт бабпен сөзін аяқтады). Бұл сөз қазір заң саласында терминдік атау (*бан*) ретінде қалыптасқан.

-**Д~Т**: *Дад* /п/ дад инсаф, справедливость – әділеттілік. Дад инсаф тутар чын Аниширваны (Әділеттілігі жөнінен нағыз Наушарбан). Қазір *төрелік*, әділеттілік, уәж мағынасында қолданылады.

*Мажд* /а/ величие, благородство – ұлылық, игілік. Иана мажд мурувват футувват уған (Тағы да ұлылық,қайырымдылық, кеңпейілділік Алла) .

“Ақиқат сыйы” еңбегінде: “*айб* /а/ позор, изьян, порок – маскара, мін, айыб, ұят. Ахылық қамуғ “айб кирини йуйур (Жомарттық барлық айыптың кірін жуады) [1]. Қазіргі қолданыста бұл сөздің “айып” нұсқасы орныққан.

“Әділ” сөзі “*адл* /а/ справедливость, беспристрастие - әділдік, әділ. Зиада ула’адл ешит кор муны (Бұған қоса әділдік. Мұндайды есіттің бе, көрдің бе?)

Бөз хлопчатобумажная ткань, бязь – бөз. Чүз атлас болур қыз үчүзи боз өг (Зер атлас кымбат болса, арзаны бөз болады) .

*Йиг* болезнь – ауру, науқас. Бақыллық оталап оңалмаз йиг ол (Сараңдық - емдегенмен жазылмайтын ауру) .

**Бір буынды етістіктер:** 1) *Қыл*. Делать, изготавливать – қыл, істе, ет. Жафа қылдачыңға йанут қыл вайа (Біреу зәбір жасаса, қарымына рақат көрсет). 2. Көмекші сөз қызметінде жұмсалады. Ата қылды шаһымға бу жумланы (Осының бәрін шаһымға бере салған);

2) *өг*. хвалить, превозносить – мақта, мадақта, дәріпте. Ахы ерни өгкил өгар ерса сен (/Егер/мақтағың келсе, жомарт ерді мақта);

3) *Бил* I. Знать, ведать – біл. Харислық игиниң емин ким билур (Ашкөздік дертінің емін кім біледі?); 2. Узнавать, познавать – хабардар бол, түсін, таны, меңгер. Ахы ер билигни йета билди көр (Көрдің бе, Жомарт білімді жете меңгерді);

4) *Бич* 1. Резать, рубить – кес, үз. 2. Собирать – жина, тер. Тикан тарыған ер үзүм бичмаз ол (Тікен еккен жүзім жинамайды).

5) *Ег*. Ауыспалы мағынада. Склоняться, соглашаться – иі, жібі, еңкейт. Егилмаз көңилни ахы ер егар (Жібімейтін көңілді жомарт кісі жібітеді).

6) *Йаз* ошибаться, допускать промах – жазықты бол, кінәлі бол. Не йазды ажунға бу сахиб һунар (Бұл дүниеге өнерпаз не жазды?).

7) *Кей*. одевать, надевать – ки. Көнилиг тонын кей қойуп егрилиг (Қыңырлықты тастап, әділдік киімін ки) .

8) *қамл* страдательный от *қам*. Валиться, падать – әлсіре, азай. Қавы ерса қамлур қачар қувваты (Күшті болса әлсірейді, қуаты қашады).

9) *мун*. заблуждаться, становиться слабоумным – шатас, алжы. Аду қутсыз ажун қарып му мунар (Құтсыз дұшпан дүние алжып қартайған ба?).

10) *Сан*. думать – ойла. Санып сөзлаган ер сөзи сөз сағы (Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – сөздің асылы). Сеңа сандуғунни мусулманға сан (Сен де, ой дүниеңді мұсылманға бейімде) [1].

А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасында бірде бейтарап, бірде модаль сөздер ретінде қаралып жүрген *бар*, *жоқ* сөздері де кездеседі. Мысалы, бу күн бар йарын йоқ бу дүنيا неңи (Бұл дүниеңіз заты бар болса, ертең жоқ) [1].

Ғалым Н.Оралбай «Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалады және олардың саны аз» [4] деп түсіндірген. Ғалым А.Ысқақов сөйлеуші лебізінің пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық грамматикалық тәсілдер және олар арқылы берілу жүйесін модальділік категориясы деп атаған [5]. Сонымен қатар шығармада кездескен “*соң*” (Өтүп бири бирга йүрүр өң соң-а) [1] сөзі қазақ тіл білімінде бірде “шылау”, бірде “үстеу, аффикс” деп қаралады. Ғалым Ғ. Мұсабаев “аффикс” ретінде танып, былай түсіндіреді: «Превращение в аффиксы корневого именного слова в тюркских языках вообще, а в казахском в частности, представлено весьма широко, т.е. охватывает аффиксы существительных и глаголов: показатели лица, времени и т. д. Многие аффиксы этимологически восходят к корневым словам, например, аффикс *-ш<ша<шақ* (мало; время, пора), *-сың<соң* (после); *тақ>тек* (род); *тын<тұ -ғын//тұ-гун<тұр + ган* (стоящий). В казахском языке, как и во всех тюркских языках, слово *соң* изменяется как существительное. *Соң* имеет в данное время значение «*поздно*», «*позже*», «*затем*». Примеры: Оның *соң* болады – это будет поздно; оның *соңынан* жүріп отырды – он шел позади него; *соңға* қалма – не опаздывай. *Соңда* келеді – идет в хвосте и т. п. Наречие (в последнем примере) сочетается со словами, чаще – с причастиями, оформленными аффиксом *ган/қан, ген/кен* плюс окончание исходного падежа *нан/нен*, например: *бар-ган-нан- соң* – после того, как он пошел; *кел-ген-нен-соң* – после того, как он пришел (приехал)» [6].

Ал «Қазақ грамматикасы» еңбегіндегі тұжырымға сүйенсек, «*соң*» сөзі шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік шылау ретінде, зат есім, есімдіктерге қимыл атауы

мен есімшеге тіркесіп, оқиғаның соңынан болатын мекендік, мезгілдік мағынаны білдіру үшін қолданылады» [7]. «Соң» сөзі туралы ғылыми тұжырымдарды саралай келе, біз “Қазақ грамматикасы” бойынша септеулік шылау ретінде алуды жөн көреміз.

«Ақиқат сыйы» дастанындағы бір буынды түбір сөздерді талдау барысында бір буынды түбірлердің сөз таптарына қатысына қарай қолданыс жиілігінің сандық көрсеткішін де анықтауды мақсат еттік (1-кесте).

#### 1-кесте

#### «Ақиқат сыйы» дастанындағы бір буынды түбір сөздердің сөз таптарына қатысты сандық талдауы

| Сөз табы       | Саны       |
|----------------|------------|
| Етістік        | 320        |
| Есімдік        | 222        |
| Зат есім       | 185        |
| Сан есім       | 47         |
| Сын есім       | 20         |
| Шылау          | 19         |
| Үстеу          | 18         |
| <b>Барлығы</b> | <b>831</b> |

Кестеде берілген сандық мәліметтерге назар аударсақ, бір буынды түбірлердің ішінде жиі кездесетіні – етістіктер. Одан кейінгі орында есімдіктер мен зат есімдер, ал қолданыс жиілігі жағынан бір буынды үстеулер, басқа сөз таптарына қарағанда, аз кездеседі.

Дастандағы бір буынды түбірлердің пайыздық көрсеткішін диаграммадан көруге болады (1-диаграмма).

#### 1-диаграмма

#### «Ақиқат сыйы» дастанындағы бір буынды түбір сөздердің пайыздық көрсеткіші



Дастандағы бір буынды түбірлердің 38,3 %-ын етістік, 26,6 %-ын есімдік, 24 %-ын зат есімдер құрайды.

Қорыта келе, А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйындағы» бір буынды түбірлерді фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және семантикалық, этимологиялық тұрғыдан талдау барысында 831 тілдік бірлік анықталды.

Талдау нысанына алынған еңбекте өзге сөз таптарына қарағанда бір буынды етістіктердің үлесі көп. Бір буынды етістіктер өзге сөз таптарынан сөз жасауға да ұйытқы болған. Бір буынды етістіктердің кейбіреуі сыртқы формасын өзгертпегенімен, мағыналық қолданысы жағынан әр түрлі. Етістіктен соң жиі кездесетіні – есімдік және зат есім. Еңбекте сілтеу, сұрау, белгісіздік есімдіктері жиі кездеседі. Зат есімдер кейде етістіктермен омоним мәнде келеді және фонетикалық ерекшеліктерді жиі ұшыратуға болады. Ал сан есімдерден фонетикалық ерекшеліктерді байқасақ та, қазіргі тілде *бир-бір*, *йүз-жүз* түрінде қолданамыз. Бір буынды түбірлердің ішінде тілімізде өзгеріссіз, дәл сол қалпында қолданатын сын есімдер де бар. Мәселен, *бай*, *бек* сөздері. Басқа сөз таптарына қарағанда шылау және үстеу сөздер аз кездеседі.

Көне ескерткіштер тілін, оның ішінде А.Йүгінекидің “Ақиқат сыйы” еңбегін де, тілдік тұрғыда зерттеу аса маңызды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайық» - XII ғасыр ескерткіші: "Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің (XI-ХТІ ғғ.) тілі" арнаулы курсының оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 184 б.
2. Томанов, М. Т. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы : фонетика, морфология / М. Т. Томанов. – Алматы : Мектеп, 1981. – 206 б.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: «Сардар», 2014. – 520 б.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: «Инжу-Маржан», 2007. - 388 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1991.- 384 б.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
7. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 б.

ӘОЖ 378.1

### **КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫ ЖОО-ДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Калемшариф А. Х.**

[Kalemsharifaisha25@gmail.com](mailto:Kalemsharifaisha25@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Өмірбекова Ж.Қ.

XXI ғасыр лингвистикасында адам танымы мен ой құрылымын тіл арқылы және керісінше, ой құрылымынан тілге қарай бағытталған зерттеулер қарқынды сипат алуда. Оның негізінде ақпараттың молдығы мен қолданбалы лингвистикадағы сұраныс, соған сай ашылған жаңалықтар, адам факторы мен оның тілі арасындағы кешенді байланысты зерттеудің жаңа сатыға көтерілуі жатыр. Тіл жүйесі лингвистиканың зерттеу нысаны болғанымен, оны жеке дара зерттеу бүгінгі ғылым сұранысына жауап бере алмайды. Осы себептен де лингвистикалық бірліктерді когнитивтік не прагматикалық аспектілерде зерттеу қажеттілігі туындады. Осы бағыттағы лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны ретінде танылған жоғары сатыдағы бірлік - мәтіннің үстіміздегі ғасыр ғылымында динамикалық сипатын ерекшелеуге елеулі назар аударылуда. Яғни, тілде көрінетін сананың когнитивтік құрылымының – концепт, түсінік, фрейм – сипатына тән заңдылықтарды саралау, түсіндіру, «тілдегі адамды» тану. Тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу дегеніміз – коммуникацияға қатысушылардың тек тілдік білімдерін ғана пайдалану емес, олардың әлем туралы білімдері, әлеуметтік мәнмәтіндегі айтылым, жадта сақтаулы ақпаратты ала білу, дискурсты жоспарлау және басқару [1]. Адам қоршаған ортаны тек қабылдап қана қоймайды, оны өз біліміне, дүниетанымына сай қайта құрады. Демек, бұл ғылыми танымда санадағы когнитивтік құрылымдардың тілдегі құрылымдармен сәйкестену дәрежесі мен заңдылықтары, әрі жеке тұлғалардың өзіндік ерекшеліктерінің көрініс табуы мен типтік және ментальды құрылымдарының ажыратылуы арқылы жүзеге асады.

«Когнитивтік» деген сөздің мәні танымдық деген сөзбен беріледі. Когнитивтік лингвистика - адамның ойлау әрекеті негізінде жатқан танымдық (когнитивтік) механизмдер көзқарасына және механизмдерге сай тілді сипаттайтын, зерттейтін